

Мемлекеттік органдардың жауапкершілігі бойынша:

Ұсынымдар қоғамдық кеңестермен (ҚК) қабылданатын шешімдердің негізгі нысаны болып табылады. Консультативтік-кеңесші орган ретінде ҚК-дің мәртебесін ескере отырып олардың шешімдері ұсынымдық сипатта болады.

«Қоғамдық кеңестер туралы» Заңына сәйкес (бұдан әрі – Заң), **ҚК ұсынымдары** мемлекеттік органдардың, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің **қарауы үшін міндетті болып табылады** (Заңның 1-бабы 8-тармағы).

ҚК-дің ұсынымдарын алғаннан кейін, **мемлекеттік органдар** Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген **шешімдерді қабылдайды** және (немесе) тиісті мемлекеттік органның бірінші басшысы не оны алмастыратын адам қол **қоятын уәжді жауапты береді**.

Нақтырақ айтқанда, бюджеттік бағдарламалардың, стратегиялық жоспардың немесе аймақтарды дамыту бағдарламаларының жобаларын қарау нәтижесі бойынша – мемлекеттік органның жауабы **тиісті ҚК-ке 10 жұмыс күні ішінде берілуі тиіс**.

Өз кезегінде, Заңның 5-бабы 1-тармағының 2), 3), 4), 4-1), 6), 7), 8) және 13) тармақшаларында көзделген өкілеттіктердің орындалу нәтижесі бойынша мемлекеттік органдардың уәжді жауап беру мерзімі **заңнамалық деңгейде бір ай мерзімді құрайды**.

Қоғамдық кеңестер туралы заңнамамен меморгандардың немесе олардың басшыларының ҚК ұсынымдары бойынша шара қабылдамау немесе уәжді жауапты бермеу (уақтылы бермеу) әрекеттеріне қатысты жауапкершілікке тарту рәсімі қарастырылмаған.

Бұдан басқа, 2021 жылдың 1 шілдесінен бастап мемлекеттік органдардың ішкі әкімшілік рәсімдерін жүзеге асыруға байланысты қатынастарды реттейтін Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекстің қолданысқа енгізілгенін назарға саламыз.

По вопросу ответственности государственных органов:

Основной формой принимаемых общественными советами (ОС) решениями являются **рекомендации**. С учетом статуса ОС как консультативно-совещательного органа решения ОС носят **рекомендательный характер**.

В соответствии с Законом «Об общественных советах» (*далее – Закон*), **рекомендации ОС являются обязательными** для рассмотрения **государственными органами**, субъектами квазигосударственного сектора (*пункт 1, статьи 1 Закона*).

После получения рекомендации ОС, государственные органы **принимают** предусмотренные законодательством Республики Казахстан **решения** и (или) **дают мотивированный ответ**, подписываемый первым руководителем соответствующего государственного органа либо лицом, его замещающим.

В частности, по итогам рассмотрения проектов бюджетных программ, проектов стратегических планов или программ развития территорий - ответ государственного органа должен быть представлен в соответствующий ОС **в течение 10 рабочих дней**;

В свою очередь, на законодательном уровне предусмотрен **месячный срок представления мотивированного ответа госорганов** на рекомендации ОС, направленные по итогам исполнения своих полномочий, предусмотренных подпунктами 2), 3), 4), 4-1), 6), 7), 8) и 13) пункта 1 статьи 5 Закона.

Законодательством об общественных советах не регламентирована процедура ответственности госорганов или их руководителей за непринятие мер по рекомендациям ОС или непредставление (несвоевременного представления) мотивированного ответа.

Вместе с тем, с 1 июля 2021 года в действие был введен Административный процедурно-процессуальный кодекс, который регулирует отношения, связанные с осуществлением внутренних административных процедур государственных органов.